

Тәуелсіздік –тірегім, елім деп соққан жүрегім!

2014 жылы 4 желтоқсан күні “Ақпараттық жүйелер” мамандығы бойынша топ жетекшісі А.Ж.Нургазинова студенттерімен «Тәуелсіздік – тірегім, елім деп соққан жүрегім» атты әдеби-музыкалық іс-шара өткізді.

Қазақ халқының наразылығын туғызып, желтоқсан оқиғасына орай деректі фильм көрсетіліп, еске алу рәсімінде 1-минут үнсіздікте тұрып еске алды.

Әр халықтың тарихында өзінің ұлттық ар-намысын, құқықтары мен мүддесін қорғап қалуға, өзіндік бет-бейнесін, егемен ел болуға лайық екендігін көрсетуге ұмтылатын сын сағаттар болады. Кешегі дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасымен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын тәуелсіздік, егемендік күні мерекесі құтты болсын деп құттықтау сөздер айтылды.

Кездесу соңында информатика кафедрасының аға оқытушысы 202 топ жетекшісі С.Д.Жұмасейтова меймандарға алғысын білдірді.

